

DOI 10.53364/24138614_2023_29_2_99
ӘОЖ 37.013

А.Исимова

«Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті» АҚ, Жезқазған қ., ҚР.

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ КҮЙЗЕЛІСТІҢ
АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮЛГЕРІМГЕ КЕРІ ЫҚПАЛЫН ТӨМЕНДЕТУШІ
АЙНЫМАЛЫ РЕТІНДЕ**

**ИНТЕРЕС ОБУЧАЮЩИХСЯ КАК ПЕРЕМЕННАЯ, СНИЖАЮЩАЯ
НЕГАТИВНОЕ ВЛИЯНИЕ СТРЕССА НА АКАДЕМИЧЕСКУЮ УСПЕВАЕМОСТЬ**

**INTEREST OF STUDENTS AS A VARIABLE, REDUCING THE NEGATIVE
IMPACT OF STRESS ON ACADEMIC PERFORMANCE**

Аңдатпа. Аталмыш зерттеу жұмысы білім алушылардың күйзелісінің академиялық үлгерімдеріне әсерін және қызығушылықтың осы қатынасқа ықпалын зерттеді. Зерттеу жұмысына респонденттер ерікті түрде қатысты және кездейсоқтық тәсілмен іріктеліп алынды. Күйзелісті қабылдау, академиялық жетістік және қызығушылықты бағалаған өлшемдердің осы зерттеу жұмысындағы сенімділік дәрежесі .70 және одан жоғары коэффициентке тең. Бивариативті талдау арқылы қызығушылық пен күйзеліс арасындағы байланыстар анықталып, оның нәтижесі бойынша теріс r корреляция деңгейі білім алушылардың қызығушылық деңгейі неғұрлым жоғары болса, күйзелістің деңгейінің төмен болатындығын, керісінше, күйзелістің деңгейі неғұрлым төмен болса, қызығушылықтың деңгейінің артатындығын көрсетті.

Түйін сөздер: күйзеліс, академиялық жетістік, қызығушылық, білім алушылар.

Аннотация. В данном исследовании изучалась взаимосвязь между влиянием стресса обучающихся на академическую успеваемости и влияние интереса на эти отношения. Респонденты участвовали в исследовании добровольно и отобраны случайном порядке. Надежность мер, оценивающих восприятие стресса, академическое достижение и интерес, в этой исследовательской работе равна коэффициенту .70 и выше. Корреляция Пирсона между интересом и восприятие стресса была определена с помощью двумерным анализом, и в результате отрицательный уровень r корреляции показал, что чем выше уровень интереса обучающихся, тем ниже уровень стресса и, наоборот, тем ниже уровень интереса, тем выше уровень их стресса.

Ключевое слово: стресс, академическая успеваемость, интерес, обучающихся.

Abstract. This study examined the association between the impacts of stress on the student's academic performance and the effects of interest on this relationship. Respondents voluntarily participated in the study and were randomly selected. Reliability level of measures assessing perceived stress, academic achievement and academic interest in this study is equal to the coefficient .70 and higher. Pearson's correlation between interest and perception of stress was analyzed by bivariate analysis and as a result the negative correlation level r showed that the higher the level of interest of students, the lower the stress level, and conversely, the lower level of interest, the higher level of their stress.

Key words: stress, academic achievement, interest, student.

Білім алушылардың күйзелісі бүгінгі күннің маңызды сұрақтарының бірі. Академиялық үлгерімге алаңдаушылық және оған әсер ететін жағымсыз факторлардың ықпалын азайту оқу ортасындағы маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Физикалық, әлеуметтік,

эмоционалдық және қоршаған ортаның өзге де оң әсерлеріне қарамастан, күйзеліс білім алушылардың академиялық нәтижелеріне белгілі дәрежеде кері ықпалын тигізуде [1]. «Күйзеліс» R. Влоппаның анықтамасы бойынша, «жеке адам мен стрессордың арасындағы біртұтас транзакция, және ол дененің күйзеліске жауап беруін жұмылдырады [2]. Күйзелістегі адам бірнеше денсаулық проблемалары мен психологиялық бұзылыстарға бейім [3]. Жүйелі түрдегі, жоғары деңгейдегі күйзеліс адамның өзін-өзі бағалауын, көзқарасын, қызығушылығы мен жалпы зияткерлік қабілетін бұзады [4].

Зерттеушілер күйзеліс деңгейі мен психикалық денсаулық арасындағы тығыз байланыс бар екендігін анықтап, ол өнімділікке [2] және академиялық қызығушылық пен нәтижесінде білім алушылардың оқу үлгерімдеріне теріс ықпалын тапты [4]. Алайда, күйзелістің деңгейін төмендету мен оған қарсы күресе алу оқу жетістіктеріне оң әсер ететінін анықтаған тұжырымдарға [5] сүйенсек, тақырыптың көкейкестілігі арта түседі. Осындай күйзеліске қарсы ағзаның ішкі иммунитетін арттыратын және білім алушылардың оқудағы жетістіктеріне оң әсер ететін жолдардың бірі – қызығушылық. Кей зерттеулерде күйзелістің академиялық жетістіктерге әсері, жыныстық ерекшеліктерге иелігі туралы қорытындыларды кездестіруге болады. Осы және жоғарыдағы тұжырымдарды ескере отырып, зерттеудің мақсатына жетуде төмендегіше болжам жасауға болады: күйзеліс пен білім алушылардың оқу жетістіктері арасында маңызды байланыс болуы мүмкін; академиялық қызығушылық күйзеліс пен оқу жетістіктері арасындағы қатынаста маңызды ықпалға ие айнымалы болуы мүмкін; күйзеліс пен академиялық жетістіктер арасындағы маңызды байланыс жыныстық ерекшелікке тәуелді болуы мүмкін.

Аталған гипотезаларды сынақтан өткізу үшін, күйзелісті қабылдау, академиялық жетістік және академиялық қызығушылық деңгейлерін анықтау өлшемдері қолданылды. Мұндағы күйзелісті қабылдау және академиялық қызығушылық тәуелсіз айнымалы, академиялық жетістік тәуелді айнымалы шама болып табылады.

Әдістер мен материалдар

Зерттеуге 99 (N=99) университеттің бірінші курс студенттері кездейсоқ іріктемелер негізінде респондент ретінде тартылды. Олардың жас аралығы 17-24 жас болып, орташа жас көрсеткіші 20 жас. Жыныстық ерекшеліктері бойынша респонденттер құрамында 52-ер, 47-қыз білім алушылар.

Материалдар

Өлшемдер сауалнамалар формасында болып, бірінші шкала арқылы білім алушылардың күйзелісінің деңгейі олардың соңғы айлардағы сезімдері мен ойларын бағалаған сұрақтарға жауап берумен белгіленді. Екінші шкалада оқудағы жетістіктері туралы, ал соңғы сауалнамада академиялық қызығушылықтарының деңгейлері анықталды.

Күйзеліс

Білім алушылар күйзелісінің деңгейі күйзелісті қабылдау шкаласы арқылы өлшеніп [6], онда респонденттер соңғы айдағы сезімдері мен ойлары туралы сауалнамаға берілген жауаптардың ішінен өзіне жақын жауаптың бірін белгіледі. Сауалнама мазмұны «Сіз аяқ астынан болған жағдайларға қаншалықты жиі ренжідіңіз?», «Сіз орындауыңыз қажет болған істеріңізді қаншалықты жиі орындай алмайтыныңызды байқадыңыз?», «Сіз қиындықтар соншалықты жоғары болып, оларды жеңе алмайтыныңызды қаншалықты жиі сезіндіңіз?» секілді сұрақтардан құралған. Алынған жауаптар 0-ден 4-ке дейінгі ретпен бағаланып, ондағы 0-«ешқашан», 1-«ешқашан дерлік», 2-«кейде», 3-«жиі», 4-«өте жиі». Жоғары ұпайлар күйзелістің жоғары деңгейін көрсетеді. Зерттеудегі осы өлшемнің сенімділік деңгейі - .724-ке тең.

Академиялық жетістік

Академиялық жетістіктерді бағалайтын 5 сұрақтан тұратын сауалнама [7], білім алушының академиялық жетістіктерін субъективті бағалауының негізінде анықтайтын өлшем. Респонденттер жауаптарын 1-ден 4-ке дейінгі деңгейдің бірін белгілеумен береді, яғни: 1 –

"мен мүлде келіспеймін", 2 – "келіспеймін", 3 – "келісемін немесе келіспеймін", 4 – "мен келісемін", 5 – "мен толық келісемін". Осы өлшемнің зерттеу жұмысындағы α дәрежесі – .744-ке келісемін», 5-«толық келісемін». Осы зерттеудегі бұл әдістің α коэффициенті - .744-ке барабар.

Қызығушылық

Респонденттердің академиялық қызығушылығы 30 сұрақтан тұратын шкаламен өлшеніп [8], алынған жауаптарды бағалау бес деңгейлі өлшеммен белгіленді, мұндағы: 1-«мүлде келіспеймін», 2-«келіспеймін», 3-«келісемін» немесе «келіспеймін», 4-«келісемін», 5-«толық келісемін». Осы зерттеудегі бұл әдістің сенімділік дәрежесі - .711.

Сауалнамаларды толтыруға 30-35 минут жұмсалды. Алынған мәліметер SPSS бағдарламасы бойынша талданады.

Зерттеудің процедурасы

Зерттеуге қатысатын респонденттердің келісім парағын толтыруы- ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің этикалық талаптарының бірі. Сондай-ақ, сауалнамаға қатысушылармен debriefing өткізу маңызды алғышарттардан саналады.

Нәтиже

Күйзеліс пен оқу жетістіктері арасындағы байланысты анықтау үшін корреляциялық талдау жүргізілді. Талдау нәтижесі күйзеліс пен оқу жетістіктері арасында ешқандай байланыстың жоқтығын көрсетті. Дегенмен, регрессиялық теңдеу қорытындысы білім алушылардың күйзелісі олардың оқу үлгеріміне әсер ететінін көрсетті. Сонымен қатар, ер ($M=1,55$, $SD=0,52$) мен қыз балалардың ($M=1,64$, $SD=0,61$) оқу үлгерімдеріне әсер ететін күйзелісті қабылдауларында айтарлықтай айырмашылық байқалмады; $t(96)=-783$, $p=436$.

Академиялық қызығушылық пен күйзеліс арасында теріс корреляция ($r=-.389$, $p=.05$), ал оқу жетістіктерімен ($r=.374$, $p=.05$) оң корреляцияның барлығы анықталды. Корреляцияның теріс коэффициенті білім алушылардың академиялық қызығушылық деңгейі неғұрлым жоғары болса, стресс деңгейі соғұрлым төмен болатынын және керісінше, академиялық қызығушылық деңгейі неғұрлым төмен болған сайын, стресс деңгейі жоғары болатынын көрсетті.

Қызығушылықтың академиялық үлгеріммен оң корреляция коэффициенті, білім алушылардың академиялық қызығушылық деңгейі неғұрлым жоғары болса, оқу жетістіктерінің де соғұрлым жоғары көрсеткіште болатындығын білдіреді.

Күйзеліс пен оқу жетістіктері арасындағы қатынаста маңызды айнымалы ретінде академиялық қызығушылықтың рөлін анықтау үшін жүргізілген сынау нәтижесі, регрессиялық модельге академиялық қызығушылықты енгізген кезде, күйзелістің академиялық жетістікке теріс әсер ете алмайтынын көрсетті: $\beta = -.038$, $t(96) = -.360$, $p>005$; ($F(1, 92)=-.7,398$, $R^2 = .139$) (1-кесте).

1-кесте Қызығушылықтың күйзеліс пен академиялық үлгерім арасындағы байланысқа ықпалы бейнеленген талдау нәтижесі

Айнымалылар	B	SE	t	F	df	R	ΔR^2
1-қадам Күйзеліс	-.240	.128	-1.873	3,507	1	.188	.035
2-қадам Академиялық қызығушылық Күйзеліс	.550 -.048	.162 .133	3,388 -.360	7,398	2	.372	.14

Қорытындылай келгенде, күйзелістің білім алушылардың оқудағы жетістіктеріне ықпалы және осы байланыста қызығушылықтың рөлін зерделеу маңызды тақырып болы саналады. Әсіресе, бірінші курс білім алушыларының оқуға қызығушылығы туралы сұрақ күйзелістің теріс әсерін азайту үшін маңызды ғана емес, сонымен қатар олардың академиялық

үлгерімінің негізгі факторы болып табылады. Күйзелістің академиялық жетістікке әсері жынысқа тәуелді еместігі осы зерттеуде анықталып, бұл көрсеткіш өз кезегінде алдыңғы зерттеу тұжырымдарын растамайды [9,10]. Аталмыш зерттеу жұмысында алынған нәтижелер білім алушылардың оқуға деген қызығушылықтарын арттырудың маңыздылығын алға тарта отырып, бұл бағытта жоғары оқу орнында жастармен жүргізілетін психологиялық, педагогикалық және тәрбиелік шаралардың құндылығы пен пайдасының молдығын және оларда күйзелістің кері әсерінен туындайтын өзге де келеңсіздіктердің алдын алуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Хараламбус, М. Вариации при переходе студентов в университет естественных наук: исследование роли академической и социальной самоэффективности // Журнал дополнительного и высшего образования, 2020. 44 (10), С. 1419-1432.
2. Пейн У. и Хан Д. Понимание своего здоровья, 7-е изд. С.Ю. Луис: Макгроу-Хилл, 2002.
3. Фортнер, М. Современные темы для студентов колледжей: руководство по здоровому образу жизни. Нью-Йорк: Высшее образование Макгроу-Хилл, 2002.
4. Стратерс К., Перри Р. и Менек В.Х. Исследование взаимосвязи между академическим стрессом, совладанием, мотивацией и успеваемостью в колледже. Исследования в области высшего образования 2000 41 стр.581-592 <https://doi.org/10.1023/A:1007094931292> .
5. Коэн, С. & Камарк, Т. Глобальная мера воспринимаемого стресса // Журнал здоровья и социального поведения, 1994. 24(4). С. 385-396.
6. Стадлер М., Кемпер С. и Гриф С. Оценка субъективного успеха университета с помощью субъективной академической шкалы (SAAS) // The European Educational Researcher, 2021. 4(1), С.283-290 <https://doi.org/10.31757/euer.431>.
7. Эрин Л. Макэлрой Надежность и валидность шкалы академической зрелости, 2013.
8. Кейдж, Э., Джонс, Э., Райан, Г., Хьюз, Г., & Спаннер, Л. Психическое здоровье студентов и переходы в университет, через университет и из университета после его окончания: перспективы студентов и сотрудников // Журнал дополнительного и высшего образования, 2021. 45(8) с. 1076-1089. <https://doi.org/10.1080/0309877X.2021.1875203> .
9. Путс А. и Кэссиди Т. Академические ожидания, самосострадание, психологический капитал, социальная поддержка и благополучие студентов. Международный журнал образовательных исследований, 2020. 99, 101506. <https://doi.org/10.1186/s40359-020-00409-1>.

Referenses

1. Charalambous, M. Variation in transition to university of life science students: Exploring the role of academic and social self-efficacy // Journal of Further and Higher Education, 2020. 44(10), P. 1419–1432.
2. Payne W. & Hahn, D. Understanding your health 7th ed. Sy. Louis: McGraw-Hill 2002.
3. Fortner, M. Contemporary topics for college students: resource guide to wellness. New York: McGraw Hill Higher education 2002.
4. Struthers, C., Perry R. & Menec V.H. An examination of the relationship among academic stress, coping, motivation and performance in college. Research in higher education 2000 41 PP.581-592 <https://doi.org/10.1023/A:1007094931292>.
5. Cohen, S. & Kamarck, T. A global measure of perceived stress // Journal of Health and Social Behaviour, 1994. 24(4). P. 385-396.
6. Stadler, M., Kemper C. & Grief S. Assessing subjective university success with the Subjective Academic Scale (SAAS) // The European Educational Researcher, 2021. 4(1), P.283-290 <https://doi.org/10.31757/euer.431>.
7. Erin L. McElroy Reliability and validity of the Academic Maturity Scale, 2013.

8. Cage, E., Jones, E., Ryan, G., Hughes, G., & Spanner, L. Student mental health and transitions into, through and out of university: Student and staff perspectives // *Journal of Further and Higher Education*, 2021. 45(8) P. 1076-1089. <https://doi.org/10.1080/0309877X.2021.1875203>.

9. Poots, A., & Cassidy, T. Academic expectation, self-compassion, psychological capital, social support and student wellbeing. *International Journal of Educational Research*, 2020. 99, 101506. <https://doi.org/10.1186/s40359-020-00409-1>.